

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ПІР

Ойсыл қара. Осылай қалыптасқан ұғым. Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Сексеуіл ата тәрізді. Баяғыдан бері солай дейміз. Баяғымыз қай шама екенің бірақ білмейміз. Бізге бұл атауларды шалдар жеткізген оларға — өздерінің алдындағы шалдар... Ал шалдарға түзету жасау қиын әрі қауіпті, қосымша түсінік беру немесе жеңіл шаруа емес.

Ойсыл қара (кейде бөлек, кейде бірге жазылады) «Қазақ совет энциклопедиясына» да енді.

Әуелгісі былай: «Ойсылқара — діни ұғым бойынша түйе малының сақтаушысы, пірі. Ертеректе политеистік, пұтқа табыну, шаман дініне сену дәуірінде малдың әр түрінің өз иесі, қамқоршысы, пірі болады деген мифологиялық нанымнан шыққан түсінік. Малшы қауым түйе тәжірісі Ойсылқараға сиынып, оны пір тұтқан Ойсылқара туралы аңыз, өлеңдер көп кездеседі».

Кеңестік дәуірдің энциклопедиясынан бұдан артық сөздік қосындысыз. Бұған қосымша сөздік етпейтін ғалымдар айтқан Солардың бірі былай дейді:

«...Халық арасындағы аңыз бойынша жер бетін топан суы басып, бүкіл адамзат, жан-жануар айтып болмас апатқа ұшырапты дейді. Сонда жалғыз ғана Қазығұрт тауының басына су көтеріле алмапты. Сол аман қалған жерге Нұх пайғамбардың кемесі көп тоқтапты. Кемедегі төрт түлік мал да аман қалыпты. Кейін қазаққа біткен барлық түліктің тұқымы содан таралпты дейді».

Қазығұрттың басында кеме қалған. Ол әулие болмаса неге қалған? Жетім бота үстінде жатып қалып, Ойсыл қара жануар содан қалған... (Б.Уахатов, «Қазақтың халық өлеңдері». «Ғылым», 1974 жыл).

Бұл сөзден Шоқан Уәлихановтың бір пікірімен бір қайырып қоялық: «Тамерланға (XIV ғасырға) дейін қырғыз (қазақ) ата-бабаларының рухы — аруаққа, бар күнәдан пәк қылатын күш ретінде отқа, Айға, Күнге сиынған. Әр түлік малдың өз пірі бар деп түсініп, байлық көзі болған жер мен жан-жануарға... жалбарынған».

ӨЗЕН. АУЫЛ. ЗИРАТ

Енді «Қазақ совет энциклопедиясындағы» екінші сөзге келейік.

«Ойсылқара, Сармырза — Ақтөбе облысының Новоресей ауданындағы өзен Ор алабында. Ұзындығы 113 км, су жиналатын алқабы 1900 шаршы км. Хромтау қаласының батысындағы бұлақтардан басталып, Қопа тұсында Ор өзеніне құяды. Аңғары кең, арнасы тік жарлы. Жер асты, жауын-шашын суымен қоректенеді. Әрқайсысының ұзындығы 10 км. шамасында 15 саласы бар. Жайылмасы шабындыққа пайдаланылады. Суы тұщы».

Бұдан әрі энциклопедия Шымкент облысының Бөген ауданындағы Ойсыл Қарасай деген өзен туралы сөз қозғайды. Әрине, ол — басқа әңгіме.

Ал Ойсылқара атауы Хромтау ауданының территориясына қалай келді? Бұрын мұнда Ойсылқара селолық кеңесі болды. Ойсылқара орта мектебі қазір де бар. Тек әнебір заманда ауыл Жамбыл атындағы колхоз болып біраз дәурен кешті.

Ойсылқара атауы туралы осы ауылдың 95 жасқа иек артқан ақсақалы Жоныс Тұрмұхамбетовтен сұрадық. Ақтөбеге келген соң «Сенім. Білім. Өмір» республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының рухани ұстазы Ұлан Шұңғыловпен пікірлестік. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Рысжан Илиясованың «Қазына» кітабын оқып шықтық. Үш әңгіме бір арнаға тоғысады. Әрине, ептеген өзгешеліктері болуы заңды.

Ұланның айтуынша, Қарани деген жерде ғұмыр кешкен Уәйістің дәрежесі — құтып, яғни әулиелердің сұлтаны. Қожа Ахмет Иассауидің де дәрежесі — құтып. Түйе бағып күнелткен Уәйіс Мұхаммед пайғамбардың аян болатынын алдын ала біліп, жылап күтіп жүрген Күндердің күні болғанда Меккеден келген бір кісі «Абдолла ұлы Мұхаммед деген пайғамбар пайда болыпты» дегенде Уәйіс еңіреп жылап жіберген деседі. Әйтсе де өзі пайғамбармен жүздесе алмаған. Мұның себебі жұмбақ. Қайтыс боларының алдында пайғамбар төрт шадиярының екеуі — Омар мен Әлиден өз шапанын осы Уәйіске беріп жібереді. Ал Уәйістен соң өмір сүрген Қожа Ахмет Иассауиге пайғамбардың аманаты Арыстан бап арқылы келген деседі. Бір ерекшелігі, Шопан ата мен Зеңгі баба Иассауиден кейін ғұмыр кешсе, Уәйіс, әлгіде айтылғандай, пайғамбардың өз замандасы болған Байлардың түйесін бақты, түйелерді жиып зікір қылған делінеді.

— Ойсылқараның зираты жеті жерде бар деседі. Менің білетінім — Қарақалпақстандағы бір үлкен жол үстіндегісі. Сол жерде Ойсылқара әулиенің қаны тамған тастар бар. Мұның мәнісі былай. Заманында пайғамбарды сабал, тісін сындырғаны туралы хабарды естіген Уәйіс пайғамбар таяқ жегенде мен неге сау жүрмін» деп жылап өз тісін өзі ұрып

сындырған дейді. Сонда тісінің қаны тамған тастардың бірін жолдастарым маған да әкеліп берген. Кәдімгі қан тәрізді бояу сіңген тастар. Ал Ақтөбеде Ойсылқара әулие зираты барын осында келген соң естідім. Барып-келуге көліктің ыңғайын келтіре алмай жүрмің — дейді Ұлан.

Ал Рысжан Илиясованың естіген әңгімесі бойынша, өлерінің алдында Ойсылқара әулие өз сүйегіне таласушылар көп болатынын біліп, жеті сандық дайындаған. Кім ерте оянса сүйекті сол әкетуге тиіс. Ертенгісін өз кезегімен ояғандардың барлығы да сандықты ашқанда ішінде Ойсылқара әулиенің сүйегі жатқанын көріп, жолға шығады. Ойсылқара әулиенің жеті жерге жерленуінің осындай себебі бар делінеді.

Сонымен Ойсылқара атауы жөнінде бір пікір қалыптасқан тәрізді ғой: Қарани — Уәйіс; Уәйіс — Қарани; Уәйіс қара;

Мен дағы отқа қойып көтсем дәйімің Қосылып Ойсылқара дүрмегіне, — деп неге жазғанын өзі біледі.

Тарихшы не филолог емесіңіз, атеист не дін маманы емесіңіз, Ойсылқара әулие туралы қысқаша білігіміз осымен аяқталады. Есенғалиша қайырсақ: Түркіден түгел жұртқа

жеткен тарап, Ескіні жаңғыртуға өткен тарап. Көргендер көзіменен бізден әрі Мәндірек жырлап жатса — Бек мархабат!

КЕСЕНЕ. ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА


Хромтаудан шыққан қара жол (ойдым-ойдым асфальттарды мейсінбейтін дара жол) ешқайда соқпай, Ойсылқара әулиенің зиратына әкелді.

жолмен қабірді үш айналып өтуі керек екен. Ал әулиеге тәу етуге келетіндер көп. Түйе шығады. Сол себепті қабірден сәл әрірек тұсқа шырақшыға арналып кішігірім үй тұрғызылған. Келгендер сонда тоқтайды.

Әулие қабірі жалғыз емес. Маңайында дәл осындағыдай тастар үйілген

Ойсылқара әулие қабірінің басына темірден жасалған киіз үй тұрпатты кесене бұдан бір күн бұрын орнатылған екен. Төбесінде — айшық. Бұл күні қабір басына гранит ескерткіш-тақта орнатылды. Онда мынадай жазу бар: «Кешпелі өмір салтағы бабаларымыз кие тұтқан төрт түліктің төресі — түйенің пірі Ойсылқара

ОЙСЫЛҚАРА



әулие кесенесі».

Кесененің ашылу салтанатында 95 жастағы Жоныс ақсақал Хромтау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Өмірзақов, белгілі қаламгер Мейірхан Ақдаулетұлы, т.б. келісті әңгімелер айтты. Тебе іргесінде сылдырап ағып жатқан Ойсылқара өзенінің жағасындағы көк майсаға көрпе-кілем төселіп, ас берілді. Әулие мен барлық аруақтарға бағышталып бірнеше рет құран оқылды.

Алғыстың ең үлкені осы кесененің барлық жүгін көтерген осы елден өскен қос азамат Арынғазы Беркінбаев пен Мерғали Кереевке арналды. Кезінде Мұғалжар ауданының әкімі болған сол кезде Есет батыр Көтібарұлы кесенесін көтеруге көп қайрат жұмсаған қазір Астанада ірі құрылыс компаниясын басқарып жүрген Арынғазы мен ақтөбелік құрылыс компаниясының басшысы Мерғали бір тайпа ел ғана емес, күллі түркі дүниесіне мәлім әулие пірдің де шапағатына бөленген шығар.

«Әрине, ақ тастан қалап, аршыған жұмыртқадай кесене де тұрғызуға болар еді, — дейді Арынғазы. — Бірақ Ойсылқара әулиенің қабірі өзгеше әлем ғой. Су сорып, жел мүжіген мына тастар, сол тастар арқылы тәкаппар да тәуелсіз ғұмыр кешіп жатқан әулие қабірге қол тигізу мүмкін бе? Ақсақалдармен ақылдастық, біліктілермен кеңестік. Кесенені осылай орнатуды мақұл көрдік. Айтпақшы, гранитке жазылатын сөздің мәтіні жөнінде жазушы ғалым Ақселеу Сейдімбековпен ақылдастым. Біздікі қол қайырымы ғой. Кесененің иесі халық деп ұғыңыз. Өздерін лайым желеп-жебеп жүретін әулиелері мен пірлерін ұмытпайтын адал халық»...

ТҮЛЕУ

Бір ерекшелігі, кесене ашылу рәсіміне екі ауданның (Мұғалжар, Хромтау) әкімдері Елкей Әубәкіров пен Оразбек Далмағамбетов және облыстық ішкі саясат департаментінің директоры Оңдасын Оразалиннен басқа ірі қызметкерлер шақырылмапты. Мұның астын сызып айтып отырған себебіміз, әулиелеріміз бен ірі тұлғаларымызға арналған осындай ас берулер шенеуніктер мен жергілікті зиялылардың халқы мен ұлтына сіңірген ерекше еңбектерін жамырап айтуға толы марапаттар тасқынына көміліп қалып жүрген тұстар көп. Бұл жолы марапат айтылмады. Бұл жолы сондай-ақ ауыл ақсақалы өз иығына кігізілген шапанды ақтөбелік қонаққа ұсынуынан басқа мал шашу рәсімі де байқалған жоқ. Рас, Астанадан келген Арынғазыға інілері ет туратып, жеңгелері сорпа таратқызып қойғаны ыңғайсыздау болған секілді еді, бірақ компания президентінің көңілді жүргеніне қарап, ол да қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайтынын мойындап болған-ау деп түйдік.

Тағы бір ой. Тәуелсіздік әйтпесе азаттық басынды бостан ұстау, қолыңдағыны жатқа бермеу ғана емес. Немесе әр рудың өз атасын өзі әспеттеуі де емес. Жолбасшымыздың: «Аталарымызды түгендеп болдық қой, енді әулиелерімізді ардақтауға да кірістік-ау, әйтеуір», — деген әзіл-шыны аралас сөзінің астары мол.

Ойсылқара, әлгіде айтқанымыздай, түркі жұртына мағлұм әулие еді, пір еді. Тәу етуімізде кемшілдік жоқ еді. Бірақ берідегілердің басын қарайтып, күмбез тұрғызуға жеткен ақылымыз әрідегілер туралы ойламауы қоғамдық тәрбиеден кеткен бір кемшілік еді. Сұрауы жоқтай көрінетін осы әулиеге кесене орнатқан Арынғазы мен Мерғали тәрізді азаматтар көбіне берсе (оган дау жоқ) ұлттық болмысымыз осылай марқая берер. Рухты сілкіндірер ескерткіштерге қарап түзелу де осы, түлеу де осы.

Хромтау ауданы.

Ойсылқара.

Ескілікті әңгімені көп білген көп жинаған тарихтық және этнографиялық кітап жазған Сәбең — кәдімгі Сәбит Мұқанов «Халық мұрасы» деп аталатын сол кітабында: «Қазақтың жылқымен қатар ұстаған малы — түйе», — дей келіп: «...Мысалы, қазіргі Ақтөбе облысының сортаңды, шақатты жерінде өткен ғасырда Қара есімді бай болып, оған «отыз соқыр» аталған түйе табыны біткен. «Соқыр» дейтіні, есебінен жаңылмау үшін әрбір жүзінші түйенің оң жақ көзін шығарады екен. Сондай соқырлар, Қарада отыз болған яғни үш мың түйесі болған», — дейді.

Қара деген есім басқа бір ойларды да түрткілейді. Қара — көптік ұғым. Мысалы, қараорман қаранәсер, қара саба әйтпесе бұқара. Мұны, әрине, Уәйіс қараға байланысты тілге тиек етіп отырмыз.

Ал әлгі зікір деген әңгімеге келсек... Есенғали Раушановтың «Бақсы билеп жүр» деген өлеңі бар. Сонда Есенғали: ... Бақсы жүр — өткір кездік

көп қайралаған, Көз алдым — сансыз бұра отты айналған. — Кел — деді, — сен де нардың тұқымысың, — Ақ бұра мені көріп тоқтай қалған.

Бір қауым галстукты түр бөліне, Тобыраа беттемеді, кірмеді де,

Арынғазы БЕРКІНБАЕВ пен Мерғали КЕРЕЕВ.



Биік төбе. Әріректе қарайып Ойсылқара ауылы көрінеді. Іргесінде Ойсылқара өзені ағып жатыр.

Әулие қабірінің үстіне тас үйіліпті. Көп тас. Су мен жел қанша мүкісе де, қайрасаң қайта жетілетін ірі тастар. Бірақ ешкім қол тигізбейтіні байқалып тұр. Бағзы бір замандарда үйгеннен бері қозғалмай жатқан секілді.

Қабірді айналып жүретін жалғызаяқ жол бар. Шөп өспеген кәдімгі тақыр жол тереңдеу жол «Бізден арғы кезеңде де осылай болыпты, біз көргелі де осы тақыр қаппы, өзгерген жоқ», — дейді Жоныс ақсақал. Тәу етуге келгендер осы

қабірлер көп. Кейбіреулерінің басында белгілер де бар. Өз кітабында Р.Илиясова осы жазулар арқылы мұнда Әлім, Байұлы т.б. рулар ғана емес, басқа жүздің адамдарының да жатқанын баяндаған екен.

Сонғы екі-үш ғасырдан бері бұл өлкені Жағалбайлы жұрты мекендеп келеді. Қыз Жібек «Әуелі түскен жұртым Жағалбайлы, жылқысын көптігінен баға алмайды» дейтін өсіп-өнген ел құйрық-жалды, мығым ел.

Түс өлетінде Ақтөбе мен Алғадан, Қандыағаш пен Хромтаудан жеткен жеңіл көліктер де, жұрт та мол жиналды.